

Ата аналарға кеңес

Бала дамуына деген ата-ананың ықпалы өте зор. Махаббат пен түсіністікте өскен балалар денсаулығымен, мектептегі оқуымен, құрдастарымен қарымқатынасқа түсуімен байланысты проблемалары аз. Тәрбие процесі көп еңбектенуді қажетсінеді, ата-аналардың дене күші мен ақыл-ой-моральдық күшін де қажетсінеді. Сол себепті балада мінездің белгілерін, олардың адамдар мен өмірге деген қатынасының негізін салу қажет. Балалар ең алдымен ата-анасынан үлгі алатындығын ұмытпаңыз. Сіздің балаға деген қарым-қатынасыңыз оның қандай адам болып өсетіндігіне ықпал етеді. Балалармен толыққанды байланысу күш-жігер және уақытты талап етеді. Әдістемелік нұсқауларда баланың психологиялық дамуы негізделетін атааналық тәрбиелеудің негізгі қағидалары берілген. Аталған әдістемелік ұсыныстарды ата-аналардың ойдағыдай пайдалануы дұрыс ата-аналық тәрбие берудің қағидаларын қамтамасыз етіп, осыдан туындайтын балаларды бұлай тәрбиелеуге болмайды деген тәрбиелеу стилін көрсетеді: - балаға іс-әрекет дербестігі мен шешім қабылдау еркіндігін бермей, шамадан тыс өктем түрде; - балаға қиыншылықтарды бастан кешіріп, өз әрекетінің салдарын сезінуге мүмкіндік бермей, шамадан тыс қамқор түрде; - балаға жеткіліксіз көңіл бөліп, жақсы көрмей, шамадан тыс немқұрайды түрде **ТӘРБИЕЛЕУГЕ БОЛМАЙДЫ.**